

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірлігі
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері
Университеті



Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу

Тақырыбы: «Түйіндеме»

Орындаған : Кульманова М.Н.

Алматы, 2014

I. Сабақтың мақсаты:

**Түйіндеме туралы
мәлімет беру;**

**Түйіндеме
үлгілерімен
таныстыру;**

**Түйіндеменің
өмірбаяннан
айырмашылығын
түсіндіру;**

II. Сабақтың міндеті:

**Түйіндеме
құрылымын
дұрыс
құрастыра
білуге үйрету;**

**Түйіндемені
басқа
құжаттардан
ажырата
білуге
үйрету;**

**Түйіндемені
жаза білуге
үйрету;**

Түйіндеме. (Резюме)

ерекшелігі

кері хронологиялық тәртіпте беріледі

француз тілінен енген термин.

Жеке тұлғанның


“Айтылған, я жазылған мәселенің қысқаша түйіні” деген мағына береді.

жаны білімі мамандығы кәсіптік шеберлігі

икемділігі

біліктілігі туралы

нақты, қысқа, ықшам түрде мәлімет беретін анықтамалық-ақпараттық іс қағаздарының бір түрі .



Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

аты-жөні;

туған жылы, күні, айы, туған жері;

ұлты;

жынысы;

мекен-жайы, телефоны;

отбасы жағдайы;

азаматтығы;

білімі;

бітірген оқу орындары;

кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі;

тілдік дағдылары;

компьютерлік сауаттылығы;

жеке қасиеттері (жауапкершілігі, адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік, ұстамдылық, мақсаткер т.б.)

қызығушылығы;

Түйіндемеде жұмсалатын терминдер және тірек сөздер:






ҰЛТ _____ ҰЛТЫМ — қазақ
азаматтық ----- Қазақстан Республикасының азаматы
білім _____ жоғары білімді орта білімді
отбасы -----отбасым бар
жұбай _____ үйленгенмін
үйленбегенмін
ажырасқанмын
тұрмысқа шыққанмын
тұрмысқа шықпағанмын
Спортпен айналысамын: ат спортын, футболды ұнатамын, I разрядты
волейболшымын.
Компьютерде, интернетте, жұмыс істей аламын
қазақ
ағылшын
орыс
тілдерін орташа түсінемін
оқи аламын
сөздікпен аудар аламын

Түйіндеме үлгісімен танысыңыздар.

ТҮЙІНДЕМЕ

Аты-жөні	Асылбекова Шолпан Сағатқызы
Мекен жайы	Әуезов к-сі, 29-үй, 65-пәтер
Телефоны	87014651824
E-mail	sholpan @ mail.ru
Туған жылы	15.02.1969
Отбасы жағдайы	тұрмыста
Мақсаты	Білікті маман болу
Білімі	жоғары
Ұлты	қазақ
Азаматтығы	Қазақстан Республикасы
Оқыған курсы	1992-1995 жж. Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, халықаралық қатынастар факультеті 1984-1991 жж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті
Кәсіби тәжірибесі	1996-2001 жж. «Саяхат» туристік фирмасы, кеңесші- заңгер (Алматы қаласы) 1994-1996 жж. «Сенім» нотариалдық кеңсесі, кеңесші-заңгер (Алматы қаласы)
Тілдік дағдылары	қазақ тілі – ана тілі, орыс тілі – еркін, ағылшын тілі – өте жақсы
Компьютерлік сауаттылығы	Windows, Word, Excel, Internet
Қосымша мәліметтер	«life» адвокаттық кеңсесінің сертификаты (Лондон қ., 1998)
Жеке қасиеттері	ұстамдылық, жауапкершілік, ұйымдастырушылық
Қызығушылығы	БАҚ, жарнама, спорт, саяхат

Төменде берілген ұяшықтың бірін таңдап, тапсырманы орындаңыздар.



1-тапсырма. Өзіңіз жұмысқа тұрғыңыз келген мекемеге түйіндеме жазыңыз.

2-тапсырма. Жаздаят негізінде түйіндеме жазыңыздар.

Жаздаят: Астанадағы бір шетелдік компания Алматыдан өзінің филиалын ашқысы келіп, бір қызметкердің орнына байқау жариялады. Маман міндетті түрде қазақ тілін білуі тиіс. Сіздің бұл мекемеге жұмысқа тұрғыңыз келеді. Мекемеге түйіндеме жазыңыз. Ол үшін төменде берілген мәліметтерді пайдаланыңыз.

Жасы – 25-те, еңбек өтілі – 3 жыл, ҚазХҚжӘТУ-дің «Аударма ісі» мамандығын бітірген, «Болашақ» бағдарламасымен Гарвард университетінде оқыған, ана тілі – қазақ тілі, орыс, ағылшын, француз тілдерінде еркін сөйлейді, кітап оқуды ұнатады, еңбекқор, дарынды.

3-тапсырма. Төменде берілген сөз тіркестерін аударыңыздар.

Азаматтығы туралы мәлімет, тілдік дағдылары, ұйымдастырушылық және басқарушылық қабілет, алға қойған міндеттер, жұмыс тәжірибесі, қысқа әрі нақты, жұмысқа орналасу, бос уақытында шұғылданатын іс, ғылыми дәрежесі

4-тапсырма. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1. Түйіндемеде не жазылады?*
- 2. Түйіндеме мазмұнына қарай құжаттың қай түріне жатады?*
- 3. Түйіндемені кім жазады?*
- 4. Жеке бас қасиеттер деген не?*
- 5. Ол қалай берілуі керек?*
- 6. Түйіндемеде қандай мәліметтер болу керек?*
- 7. Түйіндеменің өмірбаяннан айырмашылығы неде?*

5-тапсырма. Салыстырмалы диаграмманы толтырыңыздар.



ӨМІРБАЯН

ТҮЙІНДЕМЕ



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Мәтінді оқып, мәтіннен түйіндеме жасандар.

«Ұлағат» ЖШС үйлестіруші қызметінің бос орнына конкурс жаряилайды. Конкурсқа жасы 30-дан 40-қа дейінгі жоғары білім бар, қазақ, ағылшын, түрік тілдерін жетік білетін, компьютерде жұмыс істей алатын мамандар қатыса алады. Конкурс мерзімі – 1 ай. Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар керек: жеке іс парағы, 4 фотосурет, жоғары білімі туралы дипломның көшірмесі, өмірбаян, түйіндеме, төлқұжат.

Мына мекенжайға хабарласыңыздар:

Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 48-үй, 67-кеңсе. Телефон: 8-31133-31824

